

Астанадағы III Экономикалық Форум аяқталды

Шілде айының 1-2 жұлдызында Қазақстанның Елордасы Астанада «Дағдарыс кезеңіндегі тұрақты экономикалық өсу» атты III Экономикалық Астана Форумы өтті. Форумның ұйымдастырушылары: «Ғалымдардың Еуразиялық экономикалық клубы» Ассоциациясы (АЕЭКУ), Қазақстан Республикасының экономика және бюджетті жоспарлау Министрлігі мен «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ.

Шараның екі күндік бағдарламасы инновация, бизнес, өндіріс, халықаралық сауда, экспорт пен импорт, кеден одағы, энергетика, экология, халықаралық қаржы мен валюталық жүйеге, исламдық қаржыландыру мен жастар мәселелеріне арналды. Форум шеңберінде индустриалды-инновациялық жобалардың көрмесі, үздік зерттеу жұмыстарының байқауы мен инфо-коммуникациялық технологияның орны мен «жасыл» экономиканың дамуы мәселелері бойынша халықаралық ұйымдардың қатысуымен екі шара өткізілді.

Биылғы жылы жыл сайынғы Экономикалық форум әлемнің 50 елінен саяси және іскер топтардың 2000 астам өкілін, сол сияқты жетекші ғалымдарды, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін экономиканы дамытудың басты мәселелерін талқылауға жинады.

Форумның жұмысын Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ашты. Форумға қатысушыларға БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Мун өзінің құттықтау сөзін жолдапты. «Мен Қазақстан Үкіметіне осы бастама үшін алғыс айтқым келеді. Астананың экономикалық форумы экономикалық және саяси басты мәселелерді талқылау үшін және халықаралық экономикалық іскерлік қадамдарына практикалық мүмкіндіктер беру үшін жоғары деңгейдегі саясаткерлерді, көшбасшыларды, аналитиктерді біріктіріп отыр», - делінген БҰҰ-ның бас хатшысының құттықтау сөзінде. Форум кезінде 17 отырыс пен арнайы сессия өткізіліп,

нәтижесінде іскерлік қарым-қатынас туралы Меморандум мен Келісімдерге қол қойылды. Форум шеңберінде Қазақстан аумағындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін Еуропалық Инвестициялық Банкпен 1,5 млрд. евроға Келісім жасалды.

Астананың экономикалық форумының ірі шарасының бірі өндірісшілер мен кәсіпкерлердің Іскерлік форумы болды. Оған әртүрлі елдерден 300-ден астам өкілдер қатысты. Форумның негізгі мақсаты - өзара пайдалы сауда-экономикалық байланыстарды нығайту, Еуразиялық кеңістікте инвестициялық қарым-қатынасқа, экономиканың перспективалық және жоғары технологиялық саласындағы өзара қарым-қатынасты дамытуға бағытталған Еуразиялық Іскерлік конгресс құру.

Форумның жұмысына КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази мен Үкіметпен байланыс директоры Нұржан Камалов қатысты.

Президентпен өткен телекөпір

Республикамыз бойынша 28 маусымда Мемлекет басшысының қатысуымен индустриялық-инновациялық бағдарлама шеңберінде индустриалдық нысандарды іске қосу бойынша «Күшті Қазақстанды бірге жасаймыз» атты жалпыхалықтық телекөпір өтті. Телекөпір кезінде мемлекет басшысы әрбір кәсіпорынның жұмысына старт берді. Олардың барлығы да агроөнеркәсіптік кешен, металлургия, химия, фармацевтикалық және жеңіл өнеркәсіп сияқты негізгі салаларда жұмыс жасайды.

Қазақстанның барлық аумақтарының әкімдері Президентті еліміздің индустриялық-инновациялық дамуының бес жылдық бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылып жатқан жобалардың іске қосылғаны туралы хабардар етті.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен болған телекөпірде біздің облыстан Орал 54 мегаваттық газтурбиналық электростанциясы іске қосылды, оны іске қосу құрметі Қазақстан Республикасының мұнай және газ министрі Сауат Мыңбаевқа берілді. Батыс Қазақстан облысының әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетовтың айтуы бойынша, осы жобаның негізгі мақсаттарының бірі Батыс Қазақстан облысының Ресейден 40-50 МВт алып жүрген электр қуатының жетіспеушілігін жою болып табылады. Бұдан басқа, Орал қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі келтіріп отырған факторлардың бірі - перспективалы құрылыс аудандарында, яғни 7-9 шағынаудандарда жылудың жоқтығы болып табылады. Жобаның жалпы құны - шамамен 10 миллиард теңге. Құрал-жабдықтармен жабдықтауда қазақстандық қамту 70% құрайды.

КПО-ның станциясы қасында электр желілерінің құрылысы салынып жатыр. Осы жобаның шеңберінде компания подстанция және 110/10 kV электр беру желісін салады, сол сияқты 110/35/10 kV екі подстанциясының реконструкциясын жүзеге асырады. Бұл жобаны КПО-ның тапсырысы бойынша оралдық «Элмо» компаниясы орындайды.

Таяу күндерде газтурбиналық станциядан жылу желілерін тарта бастайды, сонымен бірге Орал қаласының бірнеше жылу желісі учаскелері де реконструкциядан өтеді. Электр және жылу желілерінің құрылысы КПО-ның әлеуметтік-инфрақұрылымдық бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл жобаларға КПО-ның инвестициясының жалпы көлемі \$23 миллионнан асады.



Бақтықожа Ізмұхамбетов сонымен бірге Мемлекет басшысына 271,5 миллиард теңгені құрайтын 49 ірі инвестициялық жобалармен жұмыс жүргізіліп жатқанын айтты. Тікелей эфирде облыс әкімі «Қарашығанақ-Орал» газ желісінің екінші кезеңі аяқталғанынан хабардар етті. Бұл жобаны Қарашығанақ мұнайгаз өндіруші кен орнының инвесторлары Президенттің тапсыруы бойынша жүзеге асыра бастады.

Аймақтармен интерактивті қарым-қатынасты қорытындылай келе Президент Қазақстанның елімізді жаңартудың орасан зор бағдарламасын жүзеге асыруға кіріскенін атап өтті. Осының нәтижесінде 2020 жылы экономика 150 пайызға өсетін болады. Өндірістегі еңбек өнімділігі 1,8 пайызға, ал ауыл шаруашылығында екі есеге артады.

«Бұл дегеніміз біз тек табиғи байлыққа ғана сенім артпай, альтернативті экономика, жаңа индустрия құру деген сөз. Қазақстан өз тарихында өз алдына мұндай мақсат қойған емес және ондай мақсатты жүзеге асырған да емес. Сондықтан мен Қазақстан басшылығы атынан барлық облыстарды, қалалар мен аудандардың әкімдерін, инженерлі-техникалық қызметкерлерді, құрылысшыларды осы мақсаттың жүзеге асуымен шын жүректен құттықтаймын», - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Президент бүкіл Қазақстанның құрылыс алаңы екенін атап өтті. Бүгінде әлемде дағдарысқа байланысты кәсіпорындар тоқтап, банкроттыққа ұшырап, адамдар жұмыссыз қалып жатқанда, Қазақстан жаңа заманға сай өндірістерді пайдалануға беріп, жаңа жұмыс орындарын ашып отыр.

Телекөпір барысында 381 миллиард теңгеге 72 инвестициялық жоба презенттелді. Оның 68-і - жаңа өндіріс.

Жымпитыға газ келді

28 маусым күні Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданы Жымпиты поселкесінде «Қарашығанақ-Орал» газ желісі бойынша газ берілуінің салтанатты рәсімі болып өтті. Рәсімге Қазақстан Республикасының мұнай және газ министрі Сауат Мыңбаев, Батыс Қазақстан облысының әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов пен КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази қатысты.

«Қарашығанақ-Орал» газ желісі құрылысы жобасының 2008 жылдың қаңтарында басталғанын естеріңізге сала кетейік. Газ желісінің жалпы ұзындығы 152 километрді, ал тұрбаның диаметрі 500 миллиметрді құрайды. Негізгі тұрба желісінен 4 тармақ шығады, олар Новопавловка, Бөрлі, Тұңғыш және Жымпиты селоларында орналасқан облыстың алыс аудандарын газбен қамтитын газбөлу станцияларына алып барады.

Жобалау, материалдық-техникалық қамту мен газ желісінің құрылысы, тағы басқа да барлық кешенді жұмысты «Қазстройсервис» МЕҚК ұйымы жүргізуде.

«Қазстройсервис» МЕҚК АҚ БҚО аумағында халықаралық жобаларды 2007 жылдан бастап жүзеге асырып келеді. «Карачаганак Петролиум Оперейтинг» компаниясы үшін «Қазстройсервис» МЕҚК АҚ «Қарашығанақ-Орал» магистралды газ желісі құрылысы бойынша бас мердігер болып табылады. БҚО әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов ауыл адамдарын мерекелерімен құттықтады, сол сияқты КПО компаниясының басшылығына көрсеткен көмектері үшін алғыс айтты. Жымпиты поселкесінде өткен ресми салтанатта сөз сөйлеген КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази: «Аяқталуға жақын «Қарашығанақ-Орал» газ желісінің жақын күндерде БҚО бес ауданының жүз мыңнан астам тұрғынын тұрақты түрде экологиялық отынмен қамти алатынын қуанышпен хабарлаймын. Бұл жетістік экономикалық жағынан да, әлеуметтік жағынан да маңызды, өйткені бұл Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ жобасы бойынша әріптес компаниялардың бірлескен іскерлік қарым-қатынасы ғана емес, Батыс Қазақстан облысының ары қарай



дамуы үшін де елеулі стимул болмақшы. Бұл маңызды әлеуметтік жоба табиғи газдың ішкі нарығының дамуы мен Батыс Қазақстан облысының тұрғындарына осынау қажетті энергияның жеткізілуін қамтамасыз ете отырып, ары қарай өндірістік өркендеуіне игі ықпал ететін болады», - деп атап көрсетті.

«Қарашығанақ-Орал» газ желісінің құрылысы туралы келісім Қазақстан Республикасы мен Батыс Қазақстан облысы әкімшілігі және Қарашығанақ жобасы бойынша әріптестер арасында қол жеткізілген еді. Осы жобаның орындалуы туралы ресми меморандумға кейіннен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен қол қойылды. Оралдан Новопавловка поселкесіне дейін жеткізілген Теректі ауданының елді мекендерін газбен қамтитын газ желісінің бастапқы бөлігінің құрылысы 2009 жылдың желтоқсанында аяқталған болатын. «Қарашығанақ-Орал» газ желісінің құрылысы шамамен \$300 миллионды құрайды. Сырым ауданының Жымпиты поселкесінің тұрғын үйлері мен әлеуметтік нысандарына табиғи газ берілгендігін білдіретін есем алауды мұнай және газ министрі Сауат Мыңбаев пен КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази жақты.



Қарашығанаққа дипломаттар келді

Осы жылдың шілде айының аяғында Қарашығанақ кен орнына құрамында Ұлыбритания мен АҚШ Төтенше және Өкілетті өкілі Дэвид Морган мен оның әріптесі Ричард Хогланд бар делегация жұмыс сапармен келіп кетті. Бұл сапарда дипломаттармен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының атқарушы директоры Болат Ақчулаков, «Би Джи Групп» компаниясының Орталық Азия елдері бойынша аға Вице-президенті Марк Роллинс пен «Аджиб Карачаганак Б.В.» компаниясының басқарушы директоры Аугустино Маккагни де бірге болды.

Сапардың негізгі мақсаты – Қарашығанақ кен орнының аумағында орналасқан КПО-ның өндірістік нысандарымен танысу және КПО компаниясының басшылығымен кездесу болатын.

Орал қаласына келіп жетісімен жоғары мәртебелі қонақтар Батыс Қазақстан облысы әкімі Бақтықожа Салахаддинұлымен және басқа да облыс әкімдігінің ресми адамдарымен кездесті. Облыс әкімдігіндегі кездесуде қонақтар сапар мақсаты туралы айтты. Өз кезегінде Бақтықожа Ізмұхамбетов өз аумағы туралы, облыстың өркендеуіндегі Қарашығанақ кен орнының орны жөнінде әңгімеледі.



Қарашығанақ кен орнына келген делегация КПО-ның бас директоры Джузеппе Пазимен және компанияның басшылығын құрайтын басқа да өкілдермен кездесті. Кездесу кен орны аумағында орналасқан Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінің (КПК) әкімшілік үйінде өтті. Кез-

десу кезінде КПО-ның өкілдері қонақтарға Қарашығанақ кен орнына қатысты нақтылай ақпарат берді, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау туралы, компанияның Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып отырған үлесі туралы мәліметтер бар. Бұдан басқа қонақтарға КПО-ның мамандарды жергілікті кадрлардың есебінен көбейту Бағдарламасы табысты жүзеге асырылып жатқаны да нақтылай әңгімеленді. Сонымен бірге консорциумның сатып алу барысында, даму барысын шапшаңдату мен Қарашығанақ жобасын жүзеге асыруда қазақстандық компанияларды тартуда қазақстандық қамтудың үлесін арттыру бойынша қандай жұмыстар атқарылып жатқаны туралы ақпарат берілді. Қонақтар аяқталуы аймақтың өндірістік өсуі мен ары қарай дамуына ықпал ететін маңызды әлеуметтік жоба болып табылатын «Қарашығанақ-Орал» газ құбыры құрылысының табысты аяқталуы жайындағы баяндаманы үлкен қызығушылықпен тыңдады.

Ақсай қаласына келген қонақтар КПО компаниясы конструкциялаған жергілікті өлкетану мұражайын, сол сияқты қаланың басқа да көрнекті орындарын, соның ішінде жақында салынған 10 шағын аудандағы жаңа мектепті аралап көрді. Олар мұражайдан өлкеміздің тарихымен, оның табиғатымен, жануарлар әлемімен, Қарашығанақ кен орнының және КПО қызметінің өркендеу тарихына арналған стендімен танысты.

Жеңімпаздар анықталды

Газетіміздің өткен нөмірлерінде біз КПО-ның Қоршаған ортаны қорғаудың Корпоративті бөлімі 5 маусым – Қоршаған ортаны қорғаудың бүкіләлемдік күніне орай «Жылдың ең үздік экологиялық ұсынымы» байқауын бастағанын хабарлаған едік. Бұл байқаудың мақсаты – компания қызметкерлерінің назарын қоршаған ортаның жағдайын жақсарту жөніндегі жақсы ұсыныстар енгізу мүмкіндігі арқылы ҚОҚ мәселелеріне аудару.

5 маусым күні КПО компаниясы Қоршаған ортаны қорғаудың бүкіләлемдік күнін атап өтті және «Жылдың ең үздік экологиялық ұсынымы» байқауының нәтижелерін хабарлады. Бұл байқаудың шеңберінде 38 ұсыныс түскен екен. Олар қалдықтарды басқару жүйесін жақсартуға, биотүрлішелікті сақтауға, су ресурстарын тиімді пайдалануға және тағы да басқа мәселелерге қатысты ұсыныстар. Байқауға КПО қызметкерлерінен көптеген лайықты ұсыныстар түсті.

Байқауды қорытындылау кезінде төрешілер алқасының мүшелеріне идеяның әрі жаңа, әрі ерек-

ше екендігін, сол сияқты оның өміршеңдігі мен перспективтілігін ескеруге тура келді.

Байқау қорытындысы бойынша КПО-ның мына қызметкерлері жеңімпаз деп танылды: АГК қосымша құрал-жабдығын пайдалану инженері Ерсайын Алиев (Өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімі); мұнай мен газ өндіру тобының жетекшісі Мажит Аманғалиев (Өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімі); жинақтау жүйесінің суперинтенданты Гордон Динни (Өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімі); мәліметтерді беру жүйесінің инженері Михаил Шимаров (Өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімі).

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі кезінде КПО компаниясының бас директоры Джузеппе Паззи: «Байқауға КПО қызметкерлерінен көптеген лайықты ұсыныстар түсті. Мен байқауға қатысқандардың барлығына да алғыс айтып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді құттықтағым келеді», - деп атап айтты. Ұсыныстары үздік деп табылған барлық қатысушылар бағалы сыйлықтарға ие болды.



КПО Қарашығанақ мұнайгаз конденсатты кен орнының операторы бола отырып, жыл сайын өз күштерін қауіпсіз және сенімді өндіріске шоғырландырып, экологиялық салаға инвестиция жасау арқылы қоршаған ортаға позитивті әсердің нәтижелерін көрсетіп отырады, сол сияқты өз қызметкерлері мен жергілікті халықтың қоршаған ортаны қорғаудың нақты мәселелері туралы құлақтану деңгейінің көтерілгенін қалайды.

Астана азғана тарихи уақыт ішінде өркен жайып келе жатқан тәуелсіз Қазақстанның символына айналды. Мұнда жаңа әсем үйлер мен кеңселер бой көтеріп, тамаша архитекторлық ғимараттар мен ескерткіштер тұрғызылып, саябақтар мен скверлер пайда болды. Жас астананың үлгісімен республика бойынша қалалар мен селоларымыз да жасарып, жаңарып, жүргізіліп отырған мемлекеттік саясат бойынша әлеуметтік климаттың жақсаруын танытуда. Ондаған жаңа тұрғызылған және жөндеуден өткен нысандар, жүздеген жаңа жұмыс орындарына мемлекеттік қолдау көрсетілуде.

Ақсай қаласының тұрғындары 10 шағын аудандағы жаңа мектеп ашылуын тағатсыздана күтуде. Үш қабатты әсем ғимарат осы кезден-ақ көз тартады. Жоғары деңгейде жүргізіліп жатқан құрылыс қалалық инфрақұрылымның алдын ала ойластырылғанын растайды. Ел аузында «Шанхай» деп аталып кеткен ауданда тұратындар үшін қаланың орталығына жету күні кешеге дейін проблемалы болғаны ешкімге де жасырын емес. Адамдарға қауіпсіздік ережелерін бұзып, жолдың үстімен жүруге тура келді. Оның үстіне жолдың жағдайы да мәз емес еді. Аудан әкімдігі қаланы жайландырумен бірге қалалықтардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға тікелей қатысты бұл мәселені ойластыра отырып шешті. Жол қатынасының барлық талаптарын сақтай отырып қаланың оңтүстік бөлігіндегі айналма жолды жөндеу мен жолдың жиегіндегі жаяу жүргіншілер жолын жайландыру жобасы жасалынды. Бөрлі ауданының әкімі Б.Ө. Шәкімов: «Құрылыс жөніндегі бастаманың жүзеге асуы қаланың шет жақ бейнесін орталықтан бірде кем емес етіп безендіру мен тұрғындардың қауіпсіз жүріп-тұруын қамтамасыз ету мақсатына қол жеткізді», - деп атап көрсетті. Қалыптасқан көп жылдық іскерлік дәстүр бойынша жобаны жүзеге асыруға КПО компаниясы демеушілік көмек көрсетті, сонымен бірге

Жаңару белгісімен



жобаларды жүзеге асыру жөніндегі директор Карло Фосса тікелей қатысты. 8 метрге дейін кеңейтіліп, екі жағынан тротуар салынып, жарықтандырылып, 6 автобус аялдамасы қойылып, «жерде жатқан полицей» аталатын 6 шектеулі жылдамдық белгіленіп, 3 жаяу жүргіншілер көпіршесі мен 6 су өткізуші қондырғы қойылып, жөндеуден өткізілген 1300 метр жол Ақсай қаласының өркендеуіне аудандық билікпен бірге қатысуға келісім берген КПО компаниясының қаржылық көмегіне тікелей байланысты жайландырудың кеңінен жасалған бағдарламасының басы ғана болып табылады.

Жобаны «Ақсайжелезобетон» ЖШС жүзеге асырды, тапсырыстың орындалу мерзімі 3 ай болатын. Кәсіпорынның директоры Болат Қушев: «Жобаның ашылуы - аймақтың өмірлік маңызы бар әлеуметтік салаларын қолдаудағы және тұрғындар игілігіне қамқорлық жасау біздің жұмыстарымыздың барлық бағыттарының әлеуметтік бағыт алғандығының жарқын

дәлелі, ал бұл дегеніңіз кәсіпорынның айнымас алған бағыты болып қала береді», - деп атап айтты.

Мерекелік демалыстың алдындағы соңғы жұмыс күні қалалық «Шанхай» ауданының көрінісін жақсартуға қатысқандардың салтанатты кездесулерінен басталды. Қысық-қыңыр салынған үйлері мен көшелеріне орай осындай атау алған бұл аудан бүгінде жайландыру жоспары бойынша жергілікті биліктің есебіне алынған. Ең бірінші кезекке жолды жөндеу қойылған. Астана күні қарсаңында бұл ауданның 12 көшесінде ұзындығы 8 километрге жақын қатты жабынмен жабылған жол пайда болды. Бөрлі ауданының әкімі Болат Шәкімов адамдар үшін нағыз мерекелік әлеуметтік игілік, бұл игілік барлық қала мен селонның тұрғындарына бірдей тиесілі болу керек деп атап айтты. Жол жұмыстарын «Бөрлігазқұрылыс» ЖШС күннің ерекше ыстықтығына қарамастан, уақытпен санаспастан қысқа уақыт ішінде жүзеге асырды, олар жобаны мерекеге

қарсы аяқтауға асықты.

Мұндай тарту үшін жергілікті тұрғындар жайландыру бағдарламасының қатысушыларына шын көңілден алғыс айтты. Жергілікті тұрғын Р.И. Даниленко балалар мен үлкендердің орталыққа енді проблемасыз жете алатынына қуанышты екенін айтты. Олар шағын ауданның көрінісін кәдімгідей жақсартқан мұнда жақында ғана жаңартылған бір жарым метрлік жол мен жаяу жүргіншілер тротуарларына, 6 жаңа автобус аялдамасы мен жарығына, жөндеуден өткен көшелеріне қуана отырып, мерекені тамаша көңіл күйде атап өтті.

Ауданбасшылығының Бөрліселосының кезіндегі дүркіреген атағын қайта қалпына келтіру бағдарламасы шеңберінде мұнда әлеуметтік маңызы бар нысандар салынып жөндеуден өткізілуде. Жақында ғана бөрліліктер жаңа қазақ мектебінің ашылуы мен бюджеттік сала қызметкерлері үшін салынған жаңа үйлердің берілуін мерекелеген еді. Астана күнінің қарсаңында бұл селода ауыл шаруашылық колледжі мен мектеп ұстаздарына жаңа пәтерлер кілтінің табыс етілу салтанаты болып өтті. Құрылыс жұмыстарын өздерін Бөрлі ауданында жобаларды жүзеге асыра жүріп, жауапты мердігер ретінде көрсете білген «Промкром» ЖШС ретінде. Өз кезегінде жергілікті тұрғындар аудан әкімдігі тарапынан ауылдықтардың өмір сүру деңгейін көтеруге, әлеуметтік проблемаларының шешілуіне қолдау көрсетуге қаншама көңіл бөліп отырғандарының куәсі болуда.

Бөрлі ауданындағы тағы бір қуанышты жағдай Астананың туған күні қарсаңында болды. Қанай селосында бір пәтерлік тұрғын үй салынды, ал оның салтанатты ашылуына бүкіл ауыл жиналды. Бұл күні Қанай селосының көп балалы аналарына «Алтын алқа» және «күміс алқа» медалдары тапсырылды. Бюджеттік сала қызметкерлері үшін салынған жаңа үйлер соңғы жылдар ішінде ауданның барлық селоларында пайда болды.